

Қарағанды облыстық мәслихатының 2011 жылғы 29 қарашадағы XLI сессиясының № 465 "Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 593 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 желтоқсанда № 6127 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы № 124 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облыстық мәслихатының 14.12.2023 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес Қарағанды облысының мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарағанды облыстық мәслихатының 2011 жылғы 29 қарашадағы XLI сессиясының № 465 "Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1903 болып тіркелді, "Орталық Қазақстан" 2011 жылғы 27 желтоқсандағы № 216 (21204); "Индустриальная Караганда" 2011 жылғы 27 желтоқсандағы, № 148 (21162) газеттерде жарияланды) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 576 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Қарағанды облысының мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:"

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы

Кодексінің 576 бабында белгіленген қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары ластағыш заттардың жеке түрлері бойынша Қарағанды облысы бойынша 1,4 есеге арттырылсын.";

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Шешімнің орындалуын бақылау өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

И. Ахмеев

С. Утешов

Қарағанды облыстық
мәслихатының
2020 жылғы 10
желтоқсаны
№ 593

Шешімге қосымша

Қарағанды облыстық мәслихатының
2011 жылғы 29 қарашадағы
XLI сессиясының
№ 465 шешіміне қосымша

Қарағанды облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары

1. Стационарлық көздерден ластаушы заттарды шығарғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Ластаушы заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіш)	1 килограмм үшін төлемақы мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3	4
1.	Күкірт тотықтары	14	
2.	Азот тотықтары	10	
3.	Шаң және күл	5	
4.	Қорғасын және оның қосындылары	2790,2	
5.	Күкіртсутек	86,8	
6.	Фенолдар	232,4	
7.	Көмірсутектер	0,224	
8.	Формальдегид	232,4	
9.	Көміртегі тотықтары	0,16	
10.	Метан	0,014	
11.	Күйе	12	
12.	Темір тотықтары	21	

13.	Аммиак	16,8	
14.	Алты валентті хром	558,6	
15.	Мыс тотықтары	418,6	
16.	Бенз(а)пирен		697,62

2. Жылжымалы көздерден атмосфералық ауаға ластаушы заттарды шығарғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Отын түрлері	Пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін мөлшерleme (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Этилденбеген бензин үшін	0,462
2.	Дизель отыны үшін	0,63
3.	Сұйытылған, сығылған газ, керосин үшін	0,336

3. Ластаушы заттарды төккені үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Ластаушызаттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Нитриттар	670
2.	Мырыш	1876
3.	Мыс	18762,8
4.	Оттегіне биологиялық қажеттілік	4
5.	Тұзды аммоний	34
6.	Мұнай өнімдері	268
7.	Нитраттар	1
8.	Жалпы темір	187,6
9.	Сульфаттар (анион)	0,4
10.	Өлшенген заттар	1
11.	Синтетикалық бетүсті-белсенді заттар	27
12.	Хлоридтер (анион)	0,1
13.	Алюминий	27

4. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Қалдықтардың түрлері	Төлемақы мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіш)	
		1 тонна үшін	1 гигабек-керель (Гбк) үшін
	Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда,		

1.	санкцияланған үйінділерде және арнайы бөлінген орындарда орналастырғаны үшін:		
1.1.	Коммуналдық қалдықтар (тұрмыстық қатты қалдықтар, тазарту құрылыстарының кәріздік тұнбасы)	0,19	
1.2.	Осы тармақтың 1.3-жолында көрсетілген қалдықтарды қоспағанда, қауіптілік деңгейі ескеріле отырып, қалдықтар		
1.2.1.	"қызыл" тізім	9,8	
1.2.2.	"жақұт" тізім	5,6	
1.2.3.	"жасыл" тізім	1,4	
1.2.4.	сыныпталмағандар	0,63	
1.3.	Төлемақысы есептелген кезде белгіленген қауіптілік деңгейі ескерілмейтін қалдықтар:		
1.3.1.	Тау-кен өндіру өнеркәсібінің және карьерлерді игеру қалдықтары (мұнай мен табиғи газды өндіруден басқа):		
1.3.1.1.	аршынды жыныстар	0,0028	
1.3.1.2.	жанас таужыныстары	0,0182	
1.3.1.3.	байыту қалдықтары	0,014	
1.3.1.4.	шлактар, шламдар	0,0266	
1.3.2.	Құрамында пайдалы қазбалар бар кенді, концентраттарды, агломераттарды және шекемтастарды қайта өңдеу, қорытпалар мен металдар өндірісі кезінде металлургиялық қайта жасауда түзілетін шлактар, шламдар	0,0266	
1.3.3.	күл мен күлшлактар	0,33	
1.3.4.	ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары, оның ішінде көн, құс саңғырығы	0,0014	

2.	Радиоактивті қалдықтарды орналастырғаны үшін, гигабеккерельмен (Гбк):		
2.1.	Трансуранды		0,38
2.2.	Альфа-радиоактивті		0,19
2.3.	Бета-радиоактивті		0,02
2.4.	Шынақты радиоактивті көздер		0,19

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК